

Адилгазы С.¹, Жатқанбаева А.Е.²

¹PhD докторанты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: serikhan@mail.ru

²з.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aizhan_2210@mail.ru

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕТІН НОРМАТИВТІК БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл мақалада қарт азаматтардың құқықтықтарын қорғауға байланысты туындайтын мәселелерді шешудің кешенді жүйесін дайындау. Сонымен қатар қарт азаматтардың құқықтарын қорғаудың халқаралық деңгейде қорғауға байланысты шет мемлекеттердің және отандық ғалымдардың қарт азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша ғылыми еңбектеріне талдау жасалып, ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігіне талдау жасау халықаралық құқық қорғау шарттарын имплементациялау және стандарттарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасында қарт азаматтардың құқықтарын қорғауға байланысты мемлекеттік органдармен басқа да ұйымдардың қарт адамдардың құқықтарын қорғауға байланысты заңды өкілеттіліктеріне талдау жасалды.

Біздің елімізде барлық азаматтардың жасына қарамастан құқықтарын сақтайтын құқықтық нормалар, сондай-ақ егде жастағы адамдарға қатысты нормативтер – құқықтық мемлекеттің құрылуының негізі болып табылады. Зейнетақылар мен ішінара әлеуметтік қызмет көрсету саласында қарт азаматтардың құқықтарын жеткілікті толық реттеу бар. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жұмыс берушінің де, тұтастай мемлекеттің де зейнеткерлікке шыққаннан кейін қарт адамдар жұмысқа орналасуына және жұмысқа орналасуына үлкен қызығушылық танытпайтынын атап өткен жөн. Осылайша, фактілердің шынайылығы қарт азаматтарды ерекше қорғаныспен қамтамасыз етудің аздығына байланысты көптеген жазаланатын әрекеттердің нысаны болып табылатын осал топ ретінде ерекше қарауды талап етеді.

Түйін сөздер: құқық, қарт азаматтар, заң, мемлекеттік әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру.

Adilgazy S.¹, Zhatkanbaeva A.E.²

¹Doctoral student PhD of Zhetyssu State University named after I. Zhansugurov,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: serikhan@mail.ru

²doctor of law, head of the department, al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: aizhan_2210@mail.ru

Formation of a regulatory framework that takes into account the protection of the rights of older persons

This article discusses the integrated system solutions to the issues to protect the rights of senior citizens. at the international level is also considered the scientific work of both foreign and domestic scientists tested national legislation on line with international standards on the basis of the implementation and standardization of international human rights protection treaties the rights of older people and analyzed the legal representation of state bodies and other organizations in the Republic of Kazakhstan on protection of elderly rights of people.

In our country, the legal norms that perpetuate the rights of all citizens regardless of age, as well as norms specifically relating to the elderly, is one of the foundations for building a rule-of-law state. In the spheres of pensions and partially social services, there is a sufficiently detailed regulation of the rights of

elderly citizens. At the same time, it should be noted that at present neither the employer nor the state as a whole is very much interested in employment and employment of older people after their retirement. Thus, the reality of the facts calls for special consideration of elderly citizens as a vulnerable group that is the object of many punishable acts, but with fewer means to provide adequate protection.

Key words: law, elderly people, law, state, social protection, pensions.

Адилгазы С.¹, Жатқанбаева А.Е.²

¹докторант PhD, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г. Алматы, e-mail: serikhan@mail.ru

²Доктор юридических наук, заведующий кафедрой Казахского национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aizhan_2210@mail.ru

Формирование нормативной базы, учитывающей особенности защиты прав пожилых людей

В этой статье рассматривается комплексная система решений вопросов по защите прав пожилых граждан. Также на международном уровне рассматривались научные работы как иностранных, так и отечественных ученых, проверялось национальное законодательство на соответствие международным стандартам на основе имплементации и стандартизации международных правозащитных соглашений защиты прав пожилых граждан и анализировались юридические представительства государственных органов и других организации в Республике Казахстан по защите прав пожилых людей.

В нашей стране правовые нормы, закрепляющие права всех граждан независимо от возраста, а также нормы, особо касающиеся пожилых людей, является одной из основ построения правового государства. В сферах пенсионного обеспечения и частично социального обслуживания существует достаточно детальная регламентация прав граждан пожилого возраста. Вместе с тем следует отметить, что в настоящее время ни работодатель, ни государство в целом не слишком заинтересованы в трудоустройстве и занятости пожилых людей после их выхода на пенсию. Таким образом, реальность фактов вызывает необходимость особого рассмотрения престарелых граждан в качестве уязвимой группы, являющейся объектом многих наказуемых деяний, но с меньшим количеством средств для обеспечения соответствующей защиты.

Ключевые слова: право, пожилые люди, закон, государство, социальная защита, пенсионное обеспечение.

Қазақстанда қарт адамдардың құқығы, мәртебесі мен жағдайын бекітетін нормативтік-құқықтық база жалпы және арнайы заңнамамен айқындалған. Қарт адамдардың әлеуметтік құқықтық жүйесін бекітетін заңнаманың даму негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясына көрініс тапқан болатын.

Қарт адамдардың әлеуметтік құқықтық жүйесіндегі құқық нормаларын екі үлкен топқа бөліп қарастырсақ болады:

Біріншіден, жас ерекшеліктеріне қарай барлық зейнеткерлердің құқықтарын бекітетін жалпы құқық нормалар жиынтығы.

Екіншіден, қарт адамдардың ішінде арнаулы топтардың (Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тылда еңбек еткен қарт адамдар, Ауған соғысының ардагерлері, мүгедек қарт адамдар т.б.) құқықтарына қатысты арнайы құқық нормаларының жиынтығы деп екі топқа бөліп қарастырсақ болады.

Қарттарға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», ҚР Еңбек кодесінде, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және т.б. заңдарында негізделеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады және мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі,

құқықтары мен бостандығы деп бекіткен. Бұл мемлекеттік саясат халыққа жағдай жасауға бағытталған және адамның еркін дамуы мен жақсы өмір сүруін қамтамасыз етеді [1, 28 б.]

Конституция бойынша, қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары Қазақстанның басқа да азаматтарымен бір деңгейде болуына кепілдік береді. Ол – қарт адамдардың әлеуметтік құқықтар жүйесіне кіретін жалпы нормалар.

ҚР Конституциясына сәйкес, әрбір азаматқа жас мөлшеріне сай әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету, сырқат жағдайы, мүгедектік, асыраушысынан айырылу жағдайы, балаларды тәрбиелеу және басқа әлеуметтік топтағы азаматтардың құқықтары айқындалған. [3. 29 б.]

ҚР Конституциясының 28 бабына сәйкес, егде жастағы адамдар, барлық азаматтар сияқты мемлекеттік муниципалды мекемелерден тегін медициналық көмек пен денсаулық күзетіне құқықтары бар.

ҚР конституциясының 14 бабына сәйкес жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан мемлекеттік және муниципалды білім беру орындарында тегін білім алуына және қолжетімділігіне кепілдік береді.

ҚР Конституциясына сәйкес қарт азаматтарға маңызды құқық берілген, ол әркім мәдени өмірге қатысу құқына ие және мәдени орындарды қолдануға құқығы бар, мәдени құндылықтарға қол жетімді болуы. Сонымен бірге кәсіби құқықтық көмек қол жетімді.

ҚР конституциясының 28 бабына сәйкес әлеуметтік құқық, қарт адамдардың жеке өзі өтініш беру құқығы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және топтық өтініштер. Өздерінің ұсыныстарымен, ескертулерімен, жеткіліксіздік сындарымен, жеке басы мәселелерімен өтініш бере отырып, қарт адамдар өздерін мемлекеттік істерде басқаруда белсенді мүшесі екенін сезіне алады.

ҚР Азаматтық кодексі егде жастағы тұлғалардың қатысуы жүзеге асатын қатынастарды реттеуге бағытталған арнайы нормаларды қамтымайды. Тек мұрагерлік қатынастар сияқты нормалар кездеседі.

ҚР Еңбек кодексі ардагерлерінің демалысына құқығын бекітетін әлеуметтік заңдардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Осы заңға сәйкес, ардагерлер демалысы, оның ішінде көбісі қарт адамдар, ардагерлердің экономикалық және моральдық әл-ауқатына жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар жүйесін

іске асыруды қадағалайды, оларға қосымша жеңілдіктер мен құқықтар береді.

ҚР-дың азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз етумен байланысты заңнамасы қарт адамдар арасында үлкен орын алады. Ол 2013 жылы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» № 105-V Заңы.

Атап кететін жағдай, бұрынғы зейнетақы заңнамасына қарағанда, жаңа заң жұмысын жалғастырған зейнеткерлер зейнетақыны толықтай мөлшерде алады. Бірақ Зейнетақы мөлшерін есептеуді реттейтін нормалар шынайы өмірден мүлдем алыс болып келеді. Қазіргі таңдағы зейнетақы қарт адамдардың ең керекті қажеттіліктерін қанағаттандыратын шығындарды толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы N 193-IV Кодексі егде жастағы азаматтардың құқықтарын бекітетін құқықтарды қамтиды. Ол бапта, ҚР заңнамасында көзделген қарт азаматтар, үй жағдайында медико-әлеуметтік көмек алуға құқықтары бар, мемлекеттік немесе муниципалды жүйедегі денсаулық сақтау орындарында, сондай-ақ қоғамдық демалыс жүйесі орындарында және курорттық емдеу санаторияларында ақылы немесе тегін жағдайда оналту.

Қарт азаматтарды әлеуметтік қолдауға бағытталған тағы бір заң «міндетті әлеуметтік сақтандыру» туралы Қазақстан Республикасының заңын ерекше атап өту керек, себебі, қарт адамдардың көбісі төмен жағдайды азаматтар санатына жатады және олар осы заңның негізінде мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар қатарына жатады.

Адамдардың әлеуметтік құқықтарын реттейтін құжаттар қатарына «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы». Бұл заңдар мемлекеттік биліктегі федералды өңірлік орган өкілеттігін, құқықтары

іске асырылуына кепілдік беруді, азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсетудің негізгілерін, олардың құқықтарын бекітеді.

Сонымен қатар, «Нұрлы жол» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бағдарламаны жасауға оннан астам министрліктер мен ведомстволар, бірқатар академиялық және салалық ғылыми ұйымдар, көптеген органдар қатысады. Онда көптеген сұрақтар, әсіресе қарт адамдарға қатысты мәселелерді кешенді шешудің жолдары қарастырылған. Бұл – денсаулық сақтауды, қарт адамдардың өмірге қабілеттілігі мен белсенділігін, материалдық қамтамасыз етуді көтеруді, жас ерекшелігі мен денсаулық

жағдайларын есепке ала отырып көмек көрсетуді қолдау мен жетілдіру, сонымен қатар егде жаста интеллектуалды, мәдени және тұлғалық әлеуетті іске асыруға қолайлы жағдайлар туғызу.

«Нұрлы жол» бағдарламасы егде жастағы тұрғындардың мынадай категорияларының осал жерлеріне басымдылық көрсетеді: жалғызбасты қарт адамдар мен қартайған ерлі-зайыптыларға, өзін-өзі күту мүмкіндігінен толықтай немесе жартылай айырылғандар, ауыр сырқаттағы соғыс ардагерлері, алыс-шалғай ауылды жерлерде немесе шеткей солтүстікте тұратын қарт адамдар, мәжбүрмен көшірілген егде жастағы адамдар, маргиналдық топтағы егде адамдар.

Әдебиеттер

- 1 ҚР-дың Конституциясы, 30.08.1995.
- 2 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл органының ресми сайты. <http://www.ombudsman.kz/kz/about/>
- 3 Шмарин А.Г. Конституционно-правовые основы формирования социального государства в Республике Казахстан: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Алматы, 2004. – 29 с.
- 4 1948 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ бас Ассамблеясының 217 А (III) қарары
- 5 Холостова Е.И. Социальная работа с пожилыми людьми. – М., 2004.

References

- 1 QR-nyng Konstitucijasy, 30.08.1995.
- 2 Qazaqstan Respublikasyndagy Adam quqyqtary zhonindegi Uәkil organynyng resmi sajty. <http://www.ombudsman.kz/kz/about/>
- 3 Shmarin A.G. Konstitucionno-pravovye osnovy formirovanija social'nogo gosudarstva v respublike Kazahstan: Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata juridicheskix nauk, Almaty. 2004. – 29 s.
- 4 1948 zhylygy 10 zheltoksandagy BUU bas Assamblejasynyng 217 A (III) qarary
- 5 Holostova E.I. Social'naja rabota s pozhilymi ljud'mi. M., 2004